

## **ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ КҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

---

Из таблицы №2 видно, что данные студентов держатся стабильно на протяжении всей аттестации. По опросу студентов было выяснено, что активный образ жизни благотворно влияет на учебную деятельность и социальную жизнь.

Понимание студентами важности ведения здорового образа жизни не находит реального воплощения в повседневном ритме жизни. Существует ряд факторов, которые препятствуют этому, и прежде всего – это неумение распределить время на все виды деятельности. Для многих студентов физкультурно-спортивная деятельность ещё не стала насущной потребностью и не вызывает у них устойчивого интереса. А свое свободное время они не используют для активных занятий физической культурой. По показателям студентов можно сделать вывод, что современных студентов нужно призвать к активной физической деятельности, убеждать в пользовании новыми технологиями, которые будут помогать им вести здоровый образ жизни и начать относиться внимательнее к своему здоровью. Применение этих устройств повышает мотивацию для самостоятельных занятий физическими упражнениями и спортом, повышает возможности контролировать своё ежедневное самочувствие и нагрузки, а, следовательно, и повышать качество занятий. Важным фактом является то, что современные «помощники» поддерживают физическую активность студентов, что благоприятно влияет на всю их жизненную деятельность.

### **Список использованных источников**

1. В.И. Ильинич «Студенческий спорт и жизнь: Учеб.пособие для студентов высших учебных заведений»/ М., 1998
2. Н.Х. Гоберман «Результаты исследования особенностей здорового образа жизни современных студентов» / М., 2018
3. П.И. Готовцев «Самоконтроль при занятиях физической культурой и спортом» / М., 2003

ӘОЖ 004.89

### **ОҚУШЫЛАРҒА СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІН ҮЛГІЛЕУ НЕГІЗІНДЕ ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ**

*Аймагамбетова А.Б., 4 курс, 5B012000 – кәсіптік оқыту мамандығы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

*Абдимомимова Д.К., аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

*Мақалада «сәндік-қолданбалы өнер» ұғымына жан-жақты талдау жасалынып, оқушыларға сәндік қолданбалы өнерді қазақ ұлттық киімдерін үлгілеу негізінде үйретудің маңыздылығы мен рухани жаңғыру аясындағы оның рөлі жайлы өзекті мәселелер қарастырылған.*

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру – қазіргі заманның басты міндеті, өйткені тәрбие ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Оқушылардың кәсіптік шеберліктерін халықтық сәндік қолданбалы өнер арқылы қалыптастырудың маңызды тұжырымдамалық бағыты – білім, ғылым, өнер, өндіріс пен өнеркәсіптің байланысы болып табылады. Осы бағытты жүзеге асыру қазіргі кезде технологиялық білім беру тұжырымдамасына енгізілген: қоғамдық өндірістегі қайта құрылған еңбекке мамандарды даярлау, өз білімдерінде халықтық қолөнердің дүниетану

## **ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

---

нымын қалыптастыру, ойлау қабілеті мен кәсіби дағдыларын жетілдіру үрдісінде білім мен білік дағдыларды игере отырып мамандарды даярлау мақсаттары қойылады. Осының барлығы кәсіби шеберлік пен қолданбалы өнерді үйретуде және білім беруде кешенді даярлықты талап етеді. Оқушыларды бала кезінен сәндік-қолданбалы өнерге үйрету осы кезге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Бұл мектеп оқушыларының кәсіби шеберліктерін қалыптастырудағы халықтық қолөнер дәстүрлерін меңгеруді, сақтауды және жалғастыруды қамтамасыз етеді, сабақтардың мазмұнын кеңейтуге, халық шығармашылығының негізгі түрлері (мүсіндеу, зергерлік, ұсталық т.б.) туралы білімді қорытуға пәнаралық деңгейде мүмкіндік береді. Осы орайда еліміздің бірінші президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» делінген [1].

Бір сөзбен айтқанда, бейнелеу және қолданбалы өнер туындыларын көркем еңбек пәнінде пәнаралық байланыста тиімді пайдалану, мектеп мұражайларын ұйымдастыру, қоршаған ортаны безендіруге қатысу, халық қол өнершілерімен кездесулер ұйымдастыру, олармен бірлесіп түрлі тұрмыстық бұйымдар жасау және т.б. Осы жұмыс түрлері оқушының сәндік қызметіне әсер етеді, оған жаңа мүмкіндіктер ашады, сәндік-қолданбалы өнер саласындағы білімдерін кеңейтеді, кәсіби шеберліктің дамуына ықпал етеді. Болашақ мамандарды халқымыздың қолөнері арқылы даярлауға көп еңбектер бөлінгенімен, оқыту тұрғысынан әр түрлі мәселелерді шешу үшін ғана зерттеу нысаны болып табылатын З.Ахмедин, В.Бобров, М.Ысқақов және т.б. өмірге дайындық есебінде кәсіби қызығушылық тудырған мәселелерді зерттеп, құнды қорытындылар жасаған.

Біздің басты міндетіміз – жаңа технологиялық әдістерді қолдану арқылы, оқушылардың кәсіби деңгейін көтеру, жас ұрпақты сапалы және терең оқыту арқылы жоғары нәтижелерге қол жеткізу. Кәсіби шеберлікті адамның туа біткен қабілетіне жатқызуға болмайды. Бұл белгілі бір мәдениеттіліктен, дайындықтан, эстетикалық талғамдарын қажет етеді. Бұл кәсіби дағдылар қажеттіліктерге, қабілеттерге, талғамға, пайымға және т.б. жеке тұлғаның дағдыларға, оның ішінде сапаларға деген қызығушылығын дамыту қажеттілігін арттырады. Өнерге талғам іздеуде қиял және елестете алулар оқушылардың ойын-қиял ұшқырлығын дамытуда маңызды рөл атқарады. Тарихы мен мазмұны терең сәндік-қолданбалы өнер саласындағы жан-жақты білім мен осы өнер туындыларын жасауда оқушылардың шығармашылық міндеттерді жүзеге асыруға ықпал етеді.

Оқушылар көркем еңбек сабақтарында түрлі сәндік қолданбалы өнер туындыларымен олардың шығу тарихы, қолданылуы мен жасалу технологиясы, материалдар олардың қасиеттерімен танысады. Осы ұлттық құндылықтарды іске асыру барысында кейбір өнер туындары оқушылар көркем еңбек сабақтарында жасайды. Соның бірі ұлттық киімдердің бірі қамзол мен көйлекті үлгілеуді, ою-өрнектермен сәндеуді үйренеді [2].

Қазақ киімдерін зерттеу, халық өмірінің кез-келген саласы сияқты, қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің бірқатар маңызды мәселелерін зерттеумен тығыз байланысты. Киімдерде костюм бөлшектері түріндегі архаикалық элементтер, оның пішімі мен әшекейлері киімдерде берік сақталған, олардың анықталуы қазақ халқының этногенезі мәселесін шешуге үлкен қызығушылық тудырады. Бұл сондай-ақ киімдегі территориялық және рулық айырмашылықтарды бөлуге қызмет етеді, басқа халықтармен бірге қазақтардың да үйлесудің нәтижесінде қазақ халқының құрамына енген этникалық топтарды құруға, сондай-ақ ежелгі этникалық және мәдени байланыстарды анықтауға болады. Осы салада ұлттық киімдерді үлгілеу арқылы оқушыларды сәндік-қолданбалы өнерге баулу туралы нақты зерттеу жасалған еңбектер жоқтың қасы десе де болады. Бұл өз кезегінде маған осы «Сәндік қолданбалы өнерді

## **ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

---

қазақ ұлттық киімдерін үлгілеу негізінде үйрету» атты тақырыпты таңдауыма септігін тигізді деседі болады.

«Сәндік-қолданбалы өнер» ұғымы ХХ ғасырдың екінші жартысының алпысыншы жылдарының ортасында пайда болды. Бұрын ол «қолөнер» ұғымы аясында қабылданып, халықтың жалпы мағынасында қолданылған. «Сәндік-қолданбалы өнер» «қолөнердің» дамыған түрі болғандықтан, оларды бөліп қарауға болмайды, керісінше, мазмұны жағынан бір-бірін толықтырады. Мұны «қолөнер», «сәндік-қолданбалы өнер» ұғымдарының анықтамалары дәлелдейді. Біз бұл ұғымдардың анықтамаларын ғылыми еңбектерде жүйелеп, сәндік-қолданбалы өнер қолөнерден бастау алады, ал қолөнерді ою-өрнекпен безендіру сәндік-қолданбалы өнердің пайда болуына әкеледі деп тұжырымдаймыз. Ғалымдар ұсынған «сәндік-қолданбалы» топтастыру түрлері бойынша толық сипаттамасын (Қ.Әмірғазин, Е. Асылханов, Қ.Болатбаев, М.Мырзақанов, Ж.Балкенов, С. Жолдасбекова, У. Әбдіғапбарова және т.б.) еңбектерінен көре аламыз.

Топтарға бөлудің ішінде біз Ұ.Әбдіғапбарованың жіктелуін толық қолдаймыз, өйткені ол қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің орындайтын функцияларын толық ашады, әшекейлік (ою-өрнектік) мазмұнды бір-бірінен ажыратады, өнер түрлері бойынша қолөнерді сұрыптайды, кейбіреулеріне толықтырулар енгізеді. Мысалы, зерттеу мақсатына байланысты біз тоқыма өнері, киіз өнері, кесте және тігін, ши өнері топтамаларын келесідей толықтырамыз: кілемдер (түкті кілемдер, тақыр кілемдер, басқұр, желбау, баулар; қоржын, аяқ қап); алаша (қақпа, бұхара, кежім, терме); бізбен тоқу (киім, тұтыну тауарлары); Ілмекпен тоқу. Киіз өнері: киіз (ақ киіз, от киіз; текемет (ақ текемет); сырмақ; аяқ киім, себет, төсеніштер. Кесте тігу және тігін өнері: тұрмыстық заттарды тігу, зерлеу және кестелеу.

Ұлттық киімнің түрлері: сыртқы ұлттық киімдер: (жадағай, шапан, жарғақ шалбар, күпі, шапан, шидем); сұлықтар (аба, кебенек, кенеп, сырттық, шекпен); *іш киімдерге* (жейде, бешпент, көйлек дамбал, камзол, шалбар, жеңсіз); ерлердің бас киімдері (бөрік, далбағай (жалбағай), жекетымақ, құлапара, қалпақ, құлақшын, малақай, мұрақ, тақия, тымақ, шалма); әйелдердің бас киімдері (тақия, бөрік, сәукеле, қалпақ, жаулық, желек, касаба, кимешек, қарқара). Төсек орын жабдықтарына; төсеніш көрпеше; көрпе; шымылдық; құрақ көрпе; жапқыш; ақ жайма. Ши тоқу өнеріне: орама ши (алаша ши, есік ши, жолым шиі және т.б.); ақ ши (өре ши, мал союға арналған ши, ас шиі, қазақ ши, киіз жайма басатын ши, тұсқа тұтуға арналған ши және т.б.) *Шиден жасалатын тұрмыстық заттарға* (шыпта, қабырғалық, терезе жапқыш, масахана, кесе түп, шәйнек түп, қазан түп және т.б.) жатады [3].

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері түрлерін меңгерту процесінде оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында әртүрлі *әдіс-тәсілдерді* (сөздік, көрнекілік, аудиокөрнекілік, практикалық, салыстыру, теңестіру, ақпараттық, эвристикалық, қорытындылау, іздестіру және т.б.) пайдаланамыз. Соның ішінде оқушыларды көркем еңбек сабақтарында қазақ ұлттық киімдерін үлгілеуге үйрету кезінде түрлі технологиялық әдіс-тәсілдер қолданылады. Жоғары сынып оқушыларына жүргізілген сауалнама нәтижесінде байқағанымыз қол өнер туындыларын көбісі біледі яғни 75% , ал қалған 25% оның неден, қандай материалдан жасалатынын, қандай констукциялық ерекшеліктері мен сәндеу мен композициялық ерекшеліктерін білмейтінін көрсетті.

Жүргізілген зерттеулердің талдауы көрсеткендей, көркем еңбек сабақтары негізінде қазақ ұлттық киімдерді жобалау процесі әр түрлі модификация түрлері тұрғысынан қарастырылуы мүмкін, бұл киім элементтерінің пішіндері мен дизайнын өзгерту, олардың декорация түрлерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. материалдардың табиғи қасиеттерін пайдалану сияқты. Қазіргі ассортименттің әр түрлі мақсаттарына арналған бұйымдардың негізгі конструкцияларының модельдерін өзгерту дәстүрлі қазақ костюмін безендірудің дамыған компо-

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ  
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ  
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

---

зициялық, композициялық-технологиялық және композициялық-утилитарлық принциптерінің арқасында қол жеткізіледі, бұл заманауи киімдер ассортимент құрылымының кеңеюіне ықпал етеді. Қазақ ұлттық киімін үлгілеу барысында оқушылар көркем еңбек сабақтарында ұлттық құндылықтарды бойына сіңіреді. Оқушылар ұлттық қол өнер ерекшеліктерін бір-бірінен ажыратып қана қоймай оларды өз қолдарымен жасап үйренеді.

Көркем еңбек сабақтарындағы сәндік қолбалы өнерді қазақ ұлттық киімдерін жобалау негізінде жасалған теориялық және әдістемелік көзқарас қазақ ұлттық киім түрлерін кеңейтуге және байытуға, ұлттық колориттің сақталуына ықпал етеді, сонымен қатар халықтың ұлттық мәдениетін дамыту мәселелерін шешеді десек артық айтқанқындық болмас.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 12 сәуір 2017 ж. // [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/memleket-basshysynyn-bolashak-ka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/memleket-basshysynyn-bolashak-ka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)электронды дереккөз
2. Көркем еңбек. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында 5-9 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы. Астана, «Назарбаев зияткерлік мектептер» ДББҰ, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру Академиясы, 2017
3. А.Т. Тауипбаева, Г.Т. Абдихайымова «Орта мектептегі технология сабағында қазақтың ұлттық қол өнерін пайдалану ерекшеліктері», 2015

УДК 37.015.31

**К ВОПРОСУ ФОРМИРОВАНИЯ ТОЛЕРАНТНОГО ОТНОШЕНИЯ  
СТУДЕНТОВ ВУЗА К МОЛОДЁЖИ С ОСОБЫМИ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ**

*Дарыбаева Г.К., 2 курс, педагогика и психология, Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова*

*Саркисян Л.В., профессор кафедры педагогики и психологии, кандидат психологических наук, Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова*

*Кармысова Г.С., директор, институт социальных технологий, г. Нур-Султан*

*В статье рассматриваются вопросы создания условий обучения молодёжи с особыми образовательными потребностями, формирования психологически комфортной среды их взаимодействия со сверстниками. Одним из индикаторов эффективности инклюзивного образования является «качество среды»: обеспечение социального, медицинского, психолого-педагогического сопровождения, создание атмосферы равноправного, толерантного отношения. В статье излагаются данные проведенного исследования студентов ВУЗа по изучению их толерантного отношения к молодёжи с особыми образовательными потребностями и их коммуникативной компетенции.*

Актуальность выбранной темы продиктовано ростом числа детей, подростков и молодых людей с особыми образовательными потребностями и недостаточным уровнем методического обеспечения по психолого-педагогическому сопровождению молодых людей с особыми образовательными потребностями. В ходе проведения исследования нами было выявлено, что основное содержание нормативно-правовых документов, разработанные концептуальные основы по ОПП, а также методические разработки по организации инклюзив-